Қ.П.Э.-9-01



Жауабы:

1. Бұл Бұқар жырау Қалқаманұлының „Әй, Абылай, Абылай" өлеңінен немесе толғауынан алған үзінді. Ол XVII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы қазақ-жоңғар соғысының бастаушысы әрі ұйымдастырушысы, атақты Абылай ханның ақылшысы. Замандастары сыншылар оны „көмекей әулие" деген. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Бұқар жырау шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері - жақсылық пен жамандық, ездік пен ерлік, ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әдептілік, жастық пен кәрілік, татулық пен араздық, достық пен дұшпандық, адалдық пен арамдық, тектілік пен азғындық. Бұқар жырау „Әй, Абылай, Абылай" атты толғауында өзі куә болған Сабалақ атпен жүріп, Әбілмәмбет төренің түйесін баққан Абылайдың он бір жасынан бергі өмірінен деректер береді.

2. 1) Е) теңеу - затты, құбылысты немесе заттың, нәрсенің, құбылыстың белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым. Теңеу -дай -дей, -тай, -тей жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.
2) А) гипербола - күшейту деген мағынаны білдіреді. Гипербола қиял бейнелерін жасауға қатысатын әдістердің бірі. Гипербола дер нәрсенің жеке сипаттары, белгілері үлкейтіліп көрсетілуін айтады

5. Қойындағы (анықтауыш) доқты (толықтауыш) тарс еткізіп (пысықтауыш) босағаға (пысықтауыш) тастай бердім (баяндауыш) де, мен (бастауыш) сол екпінімен (пысықтауыш) тор үйге қарай (пысықтауыш) беттедім (баяндауыш).
Екі компоненттен құралған, салаласа байланысқан құрмалас сөйлем, ыңғайлас салалас. „Де" жалғаулық шылауы арқылы байланысқан. Айтылу мақсатына қарай хабарлы сөйлем. Мен беттедім - қиыса байланысқан етістікті сөз тіркесі; Сол екпінімен беттедім - пысықтауыштық қатынаста құралған, жанаса байланысқан етістікті сөз тіркесі; Қойындағы доқ - анықтауыш

-тық қатынасқа құрылған, қабыса байланысқан, есімді сөз тіркесі; Үйге қарай беттедім-пысықтауыштық қатынасқа құрылған, жанаса байланысқан, етістікті сөз тіркесі; Босағаға тастай бердім-пысықтауыштық қатынасқа құрылған, қабыса байланысқан, етістікті сөз тіркесі; Тарс еткізіп тастай бердім-пысықтауышқа қатынасты құрылған, жанаса байланысқан, етістікті сөз тіркесі; Доптты тастай бердім-толықтауыштық қатынасқа құрылған, меңгеріле байланысқан, етістікті сөз тіркесі.

4. Күзде: күз-түбір (зат есім), де-жатыс септігінің жалғауы;
Арасындағы: ара-түбір, -лық-сөз тудырушы жұрнақ, -ы-тәуелдік жалғауының 3-жағы, -нда-жатыс септігінің жалғауы, -ғы-сын есім тудырушы жұрнақ;
Бардық: бар-түбір, -ды-жедел өткен шақ, -қ-жіктік жалғауының 1 жағы;
Дірілдеп: дір-түбір (еліктеуіш), -іл-зат есім тудырушы жұрнақ, де-етістік тудырушы жұрнақ, -п-көсемшенің жұрнағы;
Отыратын: отыр-түбір, -атын-есімшенің жұрнағы;
Денсаулығының: денсаулық-түбір, -ы-тәуелдік жалғауының 3-жағы, -ның-ілік септігінің жалғауы;
Қаладан: қала-түбір (зат есім), -дан-шығыс септігінің жалғауы;
Отырғанбыз: отыр-түбір, -ған-есімшенің жұрнағы; -быз-жіктік жалғауының көпше түрінің 1-жағы;
Әріптерін: әріп-түбір (зат есім), -тер-көптік жалғау, і-тәуелдік жалғауының 3-жағы, -н-табыс септігінің жалғауы;
Жазар-жаз-түбір (етістік), -ар-есімшенің жұрнағы.

5. 1) Бірінші жақтан
2) Көркем әдебиет стилі
3) Оқушының өз сөзі: Аянның мектепте бірінші күннен-ақ зеректігімен көзге түсіп, тақтаға жазылған әріптерді тез жаттап алуы. Меңгерген үш-төрт әріптен көңілі толмаған